

## КӘСІБИ ЖЕТІСТІКТЕРІ

### ПРОФЕССИОНАЛЬНЫЕ УСПЕХИ

Соғыс кезінде және соғыстан кейінгі алғашқы жылдары Кәрім Мыңбаев көрнекті ғалым, мемлекет және қоғам қайраткері ретінде қалыптаса бастады. Қырқыншы жылдардың ортасында Кәрім Мыңбаевтың есімі бүкіл Кеңес Одағында белгілі болды. Оның еңбегінің ішінде мыналарды атауға болады:

Кәрім Мыңбаев Оңтүстік Қазақстан облысы аумағында каучукті өсімдіктер өсіру бағытында тәжірибелер жүргізуді ұйымдастырып, көк сағыздың жаңа сорттарын жасайды, Оңтүстік Қазақстан облысының аумағында каучукты өсімдіктердің гендік қоры базасын қалыптастырады, одан шиналар үшін шикізат - каучук өндіріледі.

Во время войны и в первые послевоенные годы начинается становление Карима Мынбаева как выдающегося ученого, государственного и общественного деятеля. В середине сороковых годов имя Карима Мынбаева стало известно во всем Советском Союзе. В числе его заслуг можно назвать следующее:

Карим Мынбаев руководит опытами на территории Южно-Казахстанской области, создает новые сорта кок-сагыза, формирует на территории Южно-Казахстанской области базу генофонда каучуконосных растений, из которых производится сырье для шин – каучук.



*Taraxacum kok-saghyz*

Республиканың мал шаруашылығын дамыту үшін маңызы зор екі жаңа мекеменің - Ауыл шаруашылығын механикаландыру және электрлендіру институты мен Ветеринария институтының ашылуын ұйымдастырды.

Бетпақдалада мал шаруашылығы мен егіншілікті дамыту жолдарын ұсынды. Кәрім Мыңбаев әріптестеріне Ертіс және Сарысу өзендерінің суларын Бетпақдалаға бұру туралы идеяларын айтып, оны 20 миллион қой жайылатын гүлденген өңірге айналдырып, Шардара мен Қапшағайда су қоймаларын ашып, сол арқылы елге азық-түлік молшылығын қамтамасыз етуге үндеді. Шөл және жартылай шөлейт жерлерге бейімделген мал тұқымдарын: еділбай, қаракөл,

гиссар, шу қойларын, адай, жергілікті қазақ жылқыларын, қазақ және моңғол түйелерін өсіруді жақтайды.

Ол Қазақстанды үлкен көлемде астық өндіретін және асыл тұқымды мал өсіретін республикаға айналдыруды армандады. Сондай-ақ, ғалым қазақ даласында бұрын өсірілмеген көкөніс өсімдіктерін селекциялаудың маңыздылығын насихаттады.

Организовал открытие двух новых учреждений, имеющих большое значение для развития животноводства республики – Институт механизации и электрификации сельского хозяйства и Институт ветеринарии.

Предложил пути развития скотоводства и земледелия в Бетпақдале. Карим Мынбаев озвучивает коллегам свои идеи об отводе вод рек Иртыш и Сарысу в Бетпақдалу, чтобы превратить ее в процветающий регион, в котором будут пастись 20 миллионов овец, создании водохранилищ в Шардаре и Капшагае и тем самым обеспечить стране продовольственное изобилие. Выступает за разведение пород скота, приспособленных к пустынной и полупустынной местности: эдильбаевские, каракульские, гиссарские, шуйские овцы, адайские, местные казахские лошади, казахские и монгольские верблюды.

Он мечтал превратить Казахстан в республику, в которой производят большие объемы зерна и разводят племенной скот. Также ученый понимал важность селекции овощных растений, которые в казахской степи прежде не выращивались.



*Кәрім Мыңбаев Бетпақдала экспедициясы командасымен бірге*

*Карим Мынбаев с командой экспедиции Бетпақдала*

1942-1944 жылдары Кәрім Мыңбайұлы Қазақ КСР Мемлекеттік Жоспарлау комитеті төрағасының бірінші орынбасары қызметін атқарды.


Кәрім Мыңбаев - биология ғылымдарының докторы дәрежесін алған тұңғыш қазақ (1944 ж.), Қазақстанның Ғылым академиясының негізін қалаушылардың бірі, оның алғашқы корреспондент мүшелерінің бірі.

1944 жылы 1 қарашада Кәрім Мыңбаев Ленин атындағы Бүкілодақтық ауылшаруашылық ғылым академиясы (ВАСХНИЛ) Қазақ филиалының төрағасы болып бекітілді.

В 1942-1944 годах Карим Мынбаевич стал первым заместителем председателя Государственного Планового комитета Казахской ССР, отдает распоряжение об образовании опытных полей в Алматинской области и Шортандинской сельскохозяйственной опытной станции в Акмолинской области.

Карим Мынбаев – первый казах, получивший степень доктора биологических наук (1944 г.), один из основателей Академии наук Казахстана, один из ее первых членов-корреспондентов.

1 ноября 1944 года Карим Мынбаев утвержден председателем Казахского филиала Всесоюзной академии сельскохозяйственных наук имени Ленина (ВАСХНИЛ).



*Кәрім Мыңбаевты ВАСХНИЛ-дің Қазақ филиалының Төрағасы қызметіне жіберу туралы шешімнің көшірмесі*

*Копия решения об утверждении Карима Мынбаева  
Председателем Казахского филиала ВАСХНИЛ*



*1946 жылы маусымда Қазақ КСР Ғылым академиясының I сессиясында сайланған академиктер мен корреспондент мүшелері*

*Академики и члены-корреспонденты, избранные на I сессии Академии наук КазССР в июне 1946 г.*

ВАСХНИЛ-дің Қазақ филиалына басшылық еткен жылдары Кәрім Мыңбаев ұлттық ғылыми кадрлар құрамын нығайтуға ұмтылды. Филиалдағы ғылыми лауазымдардың 80 пайызын қазақтар атқаруға жеткізді. Қазақ, өзбек, орыс, ағылшын және неміс тілдерін меңгерген Кәрім Мыңбаев өз білімін еліміздің ауыл шаруашылығы саласындағы зерттеулерді дамытуға жұмсады.

Ол алға қойған мақсаттарға әрдайым қол жеткізіп, ғылыми ойдың тереңдігін көрсете білді, ұйымдастырушылық қабілеті жоғары болды. Шеніне қарамастан, жоғары басшылар алдында барлық негізгі мәселелер бойынша өз пікірін ашық білдірді. Кәрім Мыңбаев КарЛАГ түрмелерінде жүрген ірі ғалымдар Зайцева мен Кузьминді босатуға қол жеткізді, оларды Шортанды тәжірибе стансасында жұмысқа орналастырды және ғылыми ізденістеріне жағдай жасады. Ғалымдар бидайдың жаңа сортын жасады.

Кәрім Мыңбаев ВАСХНИЛ Қазақ филиалының басшысы ретінде агросектордың алдында тұрған мәселелерді шешу жөнінде ұсыныстар бере отырып, филиалдағы ғылыми-зерттеу жұмыстарының республика шаруашылығына нақты, сыйымды және өнімді болуына қол жеткізді.

Кәрім Мыңбаевтың келуімен ВАСХНИЛ Қазақ филиалының басшысы ретінде республиканың ауыл шаруашылығы ғылымын дамытуға негіз болған материалдық база кеңейе бастады.

Кәрім Мыңбаевтың басшылығымен ВАСХНИЛ Қазақ филиалы Моңғол Халық Республикасында тұқымды түйе, жылқы және қой сатып алу, Австралияда бірнеше жүздеген биязы жүнді қойлар сатып алу, шетелдік ғалымдар әзірлеген



жаңа дәрілік заттарды сатып алу сияқты шет елдермен ғылыми байланыс орнатуға ұмтылды.

В годы руководства Казахским филиалом ВАСХНИЛ Карим Мынбаев стремился укреплять национальный научный кадровый состав. При нем 80 процентов высоких должностей в филиале занимали казахи. Владея казахским, узбекским, русским, английским и немецким языками, Карим Мынбаев вложил свои знания в развитие исследований в сфере сельского хозяйства страны.

Он всегда добивался поставленных целей, демонстрировал глубину научной мысли, имел хорошие организаторские способности. Невзирая на чины, открыто высказывал свое мнение по всем ключевым вопросам. Карим Мынбаев добился освобождения крупных ученых Зайцевой и Кузьмина, находившихся в тюрьмах КарЛАГа, трудоустроил их на Шортандинской опытной станции и обеспечил условия для научных изысканий. И не зря – ученые создали новый сорт пшеницы.

Карим Мынбаев как руководитель Казахского филиала ВАСХНИЛ, давая рекомендации по решению проблем, стоящих перед агросектором, добивался того, чтобы научно-исследовательские работы в филиале несли реальную пользу хозяйству республики, были конкретными, емкими и продуктивными.

С приходом Карима Мынбаева в качестве руководителя Казахского филиала ВАСХНИЛ стала расширяться материальная база, ставшая основой развития сельскохозяйственной науки республики.

Под руководством Карим Мынбаева Казахский филиал ВАСХНИЛ предпринимал попытки наладить научные связи с зарубежными странами: покупка породистых верблюдов, лошадей и овец в Монгольской Народной Республике, приобретение в Австралии нескольких сотен тонкорунных меринсов, закупка новейших лекарственных средств, разработанных зарубежными учеными.



*1948 жылы 1-5 наурызда Петропавл қаласында ВАСХНИЛ-дің Қазақ филиалының көшпелі сессиясы өткізілген ғимарат*

*Здание в городе Петропавловске, где 1-5 марта 1948 года проводилась выездная сессия казахского филиала*

Кәрім Мыңбаевтың қажымас еңбегінің, іскерлігінің және беделінің арқасында Қазақ филиалында кең көлемде ғылыми-тақырыптық зерттеу жұмыстары жүргізіліп, «қазақ архаромериносы» жаңа қой тұқымы өсірілді. Кәрім Мыңбаев елімізде түйе шаруашылығын дамытудың маңыздылығын атап өтті. Мал шаруашылығы институтында түйе шаруашылығы бөлімшесі мен станциясын ашты. Сонымен қатар, Кәрім Мыңбаев Екіншілік институтының құрамында өсімдік шаруашылығы бөлімін ашуды ұсынып, селекционерлердің алдында тұрған ауқымды міндеттерді белгілеп, оларды «өсімдік әлемінің конструкторлары» деп атады. Ғалым Қазақстанда бірінші болып биологиялық және селекциялық жақтардан қант қызылшасы мен қарасораны ғылыми тұрғыдан сипаттады.

Кәрім Мыңбаевтың ауыл шаруашылығы ғылымының дамуына қосқан үлесі бағаланып, 1947 жылы ВАСХНИЛ академигі болып сайланды. 1947 жылы 16 ақпанда Кәрім Мыңбаев № 240 Павлодар сайлау округінен Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты болып сайланды. Бұл қызметті ол қоғамдық негізде атқарып сайлаушылардың түрлі мәселелерін шешуге ықпал етті.

40-шы жылдары Кәрім Мыңбаев Қ.И. Сәтбаевтан кейінгі шетелде ғылыми еңбегі танылған екінші қазақ ғалымы болды. Ботаникалық журналда (Нью-Йорк қаласы) оның клондау және вегетативті өсімдік өсіру проблемалары туралы мақаласына түсініктеме жарияланды. Ал 1944 жылдың қыркүйегінде ауыл шаруашылығы мәселелері жөніндегі ағылшын императорлық бюросының Бюллетенінде Кәрім Мыңбаевтың еңбектерін талдауға арналған 24 беттік материал басылады.

Благодаря неутомимому труду, предприимчивости и авторитету Карима Мынбаева в Казахском филиале ВАСХНИЛ проведена научно-тематическая исследовательская работа, создана новая порода овец «казахский архаромеринос». Карим Мынбаев отмечал важность развития верблюдоводства в стране, открыл в Институте животноводства отделение и станцию верблюдоводства. Также Карим Мынбаев предложил открыть в составе Института земледелия отдел растениеводства, обозначив масштабные задачи, стоящие перед селекционерами, и образно назвал их «конструкторами растительного мира». Ученый первым в Казахстане научно описал сахарную свеклу и коноплю с биологической и селекционной сторон.

Вклад Карима Мынбаева в развитие сельскохозяйственной науки был оценен и в 1947 году он был избран академиком ВАСХНИЛ. 16 февраля 1947 года Карим Мынбаев был избран депутатом Верховного Совета Казахской ССР от Павлодарского избирательного округа № 240. На этой должности он на общественных началах способствовал решению различных проблем избирателей.

В 40-е годы Карим Мынбаев был вторым казахским ученым после К.И. Сатпаева, чьи научные труды признавались не только в Советском Союзе, но и в мире. Научные труды Карима Мынбаева становятся известны за рубежом. В Ботаническом журнале (г. Нью-Йорк) публикуется комментарий к его статье о проблемах клонирования и вегетативного размножения растений рода одуванчик. А в сентябре 1944 года в Бюллетене английского императорского бюро по

вопросам сельского хозяйства выходит 24-страничный материал, посвященный анализу трудов Карима Мынбаева.



*Кәрім Мыңбаевтың еңбектері  
Труды Карима Мынбаева*